



Қазақстан Республикасының
Сауда және интеграция министрлігі

СИМ «Сауда саясатын дамыту» Үкімет сағатына анықтамалық материалдар

Астана қ.
2023 ж. желтоқсан

**«САУДА САЯСАТЫН ДАМУ» ҮКІМЕТ САҒАТЫНА
АНЫҚТАМАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРДЫҢ
МАЗМҰНЫ**

1. 2021, 2022 жылғы және 2023 жылдың айларындағы сауданың негізгі көрсеткіштері.....	2
1.1 Сыртқы тауар айналымы, экспорт, импорт.....	2
1.2 Ішкі тауар айналымы, көтерме және бөлшек сауда	2
2. Ішкі сауда	3
2.1 Қазіргі заманғы сауда инфрақұрылымын қалыптастыру	3
2.2. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының экономикалық қолжетімділігін қамтамасыз ету.....	5
2.3. Электрондық және биржалық сауданы дамыту.....	8
2.4 Қазақстандықтардың құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ететін қолайлы орта құру.....	12
2.5 Өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін арттыру арқылы ішкі нарықты қорғау.....	15
3. Сауда-экономикалық интеграция.....	17
4. Шикізаттық емес экспорт.....	21

«Сауда саясатын дамыту» үкімет сағатына Анықтамалық материалдарды

1. 2021, 2022 жылдардағы және 2023 жылғы 11 айдағы сауданың негізгі көрсеткіштері.

1.1. Сыртқы тауар айналымы, экспорт, импорт

2021 жылы Қазақстанның сыртқы тауар айналымы **\$101,7 млрд.** құрады, оның ішінде экспорт – **\$60,3 млрд.**, импорт – **\$41,4 млрд.**

2022 жылы Қазақстанның тауар айналымы 2021 жылмен салыстырғанда 33,2%-ға өсіп, **\$135,5 млрд.** рекордтық көрсеткішке жетті. Шикізаттық емес экспорт 33,6%-ға ұлғайып, **\$26,5 млрд.** құрады. Импорт 23,0%-ға өсіп, **\$50,9 млрд.** құрады.

**Қазақстанның 2021-2022 жылдардағы
сыртқы сауда көрсеткіштері (\$млрд.)**

	2021 г.	2022 г.	Өсім
Тауар айналым	101,7	135,5	33,2%
оның ішінде шикізаттық емес экспорт	19,8	26,5	33,6%
импорт	41,4	50,9	23,0%

Ағымдағы жылдың 10 айының қорытындысы бойынша Қазақстанның тауар айналымы **\$114,1 млрд.** құрады, бұл өткен жылдың 10 айымен салыстырғанда 2,6%-ға артық. Бұл ретте қарастырылып отырған кезеңде шикізаттық емес экспорт 4,9%-ға қысқарып , **\$20,6 млрд.** құрады. Импорт 22,8%-ға ұлғайып, **\$49,5 млрд-қа** жетті.

**Қазақстанның 2022-2023 жылғы қаңтар-қазандағы
сыртқы сауда көрсеткіштері (\$ млрд.)**

	2022 жылғы қаңтар-қазан	2023 жылғы қаңтар-қазан	Өсім
Тауар айналым	111,3	114,1	+2,6%
оның ішінде шикізаттық емес экспорт	21,7	20,6	-4,9%
импорт	40,3	49,5	+22,8%

1.2. Ішкі тауар айналымы, көтерме және бөлшек сауда

2021 жылы ҚР ішкі тауар айналымы **44,8 трлн. теңгені** құрады, оның ішінде: көтерме сауда – **31,1 трлн. теңге** (азық-түлік емес тауарлар 24,7 трлн. теңге, азық-түлік тауарлары – 6,4 трлн. теңге), бөлшек сауда – **13,7 трлн. теңге** (азық-түлік емес тауарлар 8,8 трлн. теңге, азық-түлік тауарлары – 4,9 трлн. теңге).

2022 жылы **52,9 трлн. теңге**, оның ішінде: көтерме сауда – **36,2 трлн. теңге** (азық-түлік емес тауарлар - 28,3 трлн. теңге, азық-түлік тауарлары – 7,9

трлн. теңге), бөлшек сауда – **16,7 трлн. теңге** (азық-түлік емес тауарлар 11,3 трлн. теңге, азық-түлік тауарлары – 5,4 трлн. теңге).

**Қазақстанның 2021-2022 жылдардағы
ішкі сауда көрсеткіштері (трлн. тг.)**

	2021 г.	2022 г.	Прирост
Тауар айналымы	44,8	52,9	18,1%
көтерме сауда	31,1	36,2	16,4%
бөлшек сауда	13,7	16,7	21,9%

2023 жылдың 10 айында ішкі тауар айналымы **47 трлн. теңгені** құрады, бұл өткен жылдың 10 айымен салыстырғанда 20,5%-ға артық, оның ішінде: көтерме сауда – **32,2 трлн. теңге** (азық-түлік емес тауарлар 26,6 трлн. теңге, азық-түлік тауарлары – 5,6 трлн. теңге), бөлшек сауда – **14,8 трлн. теңге** (азық-түлік емес тауарлар – 10 трлн. теңге, азық-түлік тауарлары – 4,8 трлн. теңге).

**Қазақстанның 2022-2023 жылғы қаңтар-қазандағы
ішкі сауда көрсеткіштері (трлн. тг.)**

	январь-октябрь 2022 г.	январь-октябрь 2023 г.	Прирост
Тауар айналымы	39	47	20,5%
көтерме сауда	26,9	32,2	19,7%
бөлшек сауда	12,1	14,8	22,3%

2. Ішкі сауда

2.1. Қазіргі заманғы сауда инфрақұрылымын қалыптастыру

«Сауда қызметін реттеу туралы» 2015 жылғы Қазақстан Республикасының Заңы базарларды жаңғыртудың бастапқы мерзімдерін белгіледі («Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сауда қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 27 қазандағы № 364-V ҚРЗ Заңы):

2018 жылға дейін астананың, республикалық маңызы бар қаланың аумағында;

2020 жылға дейін халқының саны жүз мыңнан асатын аудандық маңызы бар қаланың аумағында.

2018 жылдың мамыр айында мерзімдер ұзартылды («Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 24 мамырдағы № 156-VI ҚРЗ Заңы):

2020 жылға дейін астананың, республикалық маңызы бар қаланың аумағында;

2025 жылға дейін халқының саны жүз мыңнан асатын аудандық маңызы бар қаланың аумағында.

2021 жылы мерзімдер қайтадан ұзартылды («Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 399-VI ҚР Заңы)

2023 жылға дейін астананың, республикалық маңызы бар қаланың аумағында.

Жаңғырту мерзімдерін ауыстыру қаржылық ресурстардың жетіспеушілігі және банктердің жоғары пайыздық мөлшерлемелері, сондай-ақ мемлекеттік қолдау шараларының (жеңілдікті қаржыландыру, субсидияланған пайыздық мөлшерлемелер, кепілдік құралдары, кепіл базасының және қажетті инфрақұрылым) болмауы сияқты жүйелік проблемалық мәселелермен байланысты. Сонымен қатар, жаңғырту мерзімдерінің ұзаруына базарлар іс жүзінде өз қызметін тоқтатқан коронавирустық пандемия да әсер етті.

Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша Қазақстанда **722** сауда базары бар, **оның ішінде 121 базар** жаңғыртылды: (2021 жылға дейін **84** базар, 2021 жылғы **4** базар, 2022 жылғы **33 базар** жаңғыртылды).

Анықтама: Астана, Алматы және Шымкент қалаларының базарларында 2022 жылғы жаңғырту жұмыстары аяқталмағанына байланысты Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) ҚР Премьер-Министрінің Кеңсесіне жаңғырту мерзімдерін 2023 жылдан 2025 жылға дейін ұзарту туралы 2022 жылғы 20 желтоқсандағы №02-20/5114-И хатын жолдады.

ҚР Премьер-Министрінің орынбасарының 2023 жылғы 26 қаңтардағы қарарына сәйкес (ҚР Президенті Әкімшілігінің тапсырмасына сәйкес) Министрлікке сауда базарларын жаңғыртудың 2025 жылға дейінгі жол картасын әзірлеу тапсырылды.

Өңірлер әкімдіктерінің ақпараты бойынша Министрлік **жаңғыртуды қажет ететін 74** базарды анықтады (оның ішінде Астана қаласында 3 базар, Алматы қаласында 15, Шымкент қаласында 5 базар бар). Аталған базарлар бойынша Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары С.М. Жұманғарин Сауда базарларын жаңғыртудың 2025 жылға дейінгі **жол картасын бекітті**, онда жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеуден бастап жұмысты аяқтауға дейінгі жаңғырту процесінің барлық егжей-тегжейлері қамтылған.

2023 жылға арналған Жол картасына сәйкес **15 базарды** жаңғырту жоспарлануда, оның ішінде Алматы қаласында – 6 базар, Шымкентте – 1 базар, Жамбыл облысында – 2 базар, Түркістан облысында – 6 базар.

Анықтама: 2024 жыл, 24 базар: Алматы – 7 базар, Шымкент – 4 базар, Алматы облысында – 1, Атырау облысында – 1, Жамбыл облысында – 5, Қостанай облысында – 2, Түркістан облысында – 3, Ұлытау облысында – 1 базар.

2025 жылға 35 базар: Астана – 3 базар, Алматы – 2, Абай облысы – 2, Ақтөбе облысы – 1, Алмат облысы – 4, Шығыс Қазақстан облысы – 3, Жетісу облысы – 4, Батыс Қазақстан облысы – 1, Қарағанды облысы – 5, Қызылорда облысы – 3, Маңғыстау облысы – 2, Түркістан облысы – 3, Ұлытау облысы – 2.

Жол картасын уақтылы орындау мәселесі бойынша облыс әкімдіктерімен, Сауда және Тұтытушылардың құқықтарын қорғау (ТҚҚ) департаменттерімен кеңестер өткізілуде.

Қаржыландыру проблемаларына байланысты бизнес-қауымдастықпен бірлесіп «Атамекен» ҰҚП-нан Астана, Алматы және Шымкент қалаларындағы базарларды **жаңғырту мерзімін 2025 жылға дейін ұзарту** туралы **ұсыныстар** түсуде.

Ағымдағы жылдың 27 қазанында **ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрі Е.Қ. Жамаубаевтың** төрағалығымен бизнестің проблемалық мәселелері бойынша **кеңес** өтті, онда базарларды жаңғырту мерзімін ұзарту мәселелердің бірі болды.

Осы жылдың 2 қарашасында **ҚР Сауда және интеграция министрі А.А. Шаққалиев** сауда базарларын жаңғырту мәселесі бойынша журналистермен брифинг өткізді, онда жаңғырту мерзімін кейінге қалдыру мәселесі де көтерілді.

«Атамекен» ҰҚП бастамасы бойынша Үкіметтің оң қорытындысымен ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін әмбебап сауда базарларын жаңғырту мерзімдерін ауыстыру бойынша **заңнамалық түзетулерді қолдады.**

2.2. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының экономикалық қолжетімділігін қамтамасыз ету (ӘМАТ)

Ресми статистика деректері бойынша жыл басынан 12 желтоқсанға дейін ӘМАТ бағаның өсуі **3,4%-ды** құрады.

Баға индексінің өсуі 13 тауарда байқалады, оның ішінде: қырыққабат – **47,0%**, күріш – **39,0%**, сәбіз – **16,2%**, сүт – **13,5%**, айран – **3,4%**, май – **12,4%**, жұмыртқа – **11,4%**, сүзбе – **9,4%**, сиыр еті – **8,2%**, мүйіз – **7,3%**, тұз – **5,4%**, нан – **2,5%**, тауық еті – **2,2%**.

Бағаның төмендеуі қарақұмық жармасы – **37,1%**, күнбағыс майы – **17,5%**, қант – **14,9%**, пияз – **13,2%**, картоп – **11,8%**, ұн – **0,5%** байқалады.

2023 жылғы 5-12 желтоқсан аралығындағы аптада баға индексі **100%-ды** құрады, жыл басынан бері баға индексі **103,4%-ды** құрады.

Анықтама: Баға индексінің өсуі а.ж. 13 маусымында тоқтап, 3 қазанға дейін баға индексінің тұрақтылығы немесе төмендеуі байқалды (ҰСБ деректеріне сәйкес ішкідегі ӘМАТ-дың баға индексі **0,2%-ға** төмендеді, тамыз айында көрсеткіш тағы **0,5% - ға**, қыркүйек айының басынан бастап **0,4%-ға** төмендеді, бұл жиынтығында **-1,1% - құрады**).

ҚР Сауда және интеграция министрлігімен әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру бойынша шаралар қабылдауда.

Бұл шаралар үш бағытқа бөлінеді:

Жүйелік шаралар, нарықты қанықтыру, бақылау шаралары.

Жүйелік шаралар:

1. Тұрақты негізде ӘМАТ бағасына талдау және мониторинг жүргізіледі;

2. Субсидия алушыларға қарсы міндеттемелер тетігі пысықталуда (ӘМАТ өндірушілер және ӘМАТ өндіріске арналған шикізат).

Ағымдағы сәтте кәсіпкерлік субъектілеріне қарсы міндеттемелер бойынша мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізіледі.

3. 2022-2024 жылдарға арналған инфляцияны бақылау және төмендету жөніндегі шаралар кешені өзектендірілді.

4. Цифрлық үкімет кеңсесінде ҚР Премьер-Министрінің, ҚР Премьер-Министрінің орынбасарының төрағалығымен орталық мемлекеттік органдар басшыларының және өңірлер әкімдерінің қатысуымен ӘМАТ бағасын реттеу мәселелері бойынша тұрақты негізде кеңестер өткізіледі, онда әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарының әрбір атауы бойынша проблемалық мәселелер қаралады.

5. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаның өсуін тежеу жөніндегі жол картасы бекітілді, оған 17 іс-шара көзделген, оның ішінде:

- көкөніс қоймалары бойынша деректерді тексеру, өзектендіру;
- ерте көкөністерді басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесіне енгізу туралы мәселені қарау;
- ведомстворалық комиссияның хаттамалық шешімі қабылданғаннан кейін бірден фитосанитариялық сертификаттар беруге тыйым салу туралы НҚА өзгерістер енгізу
- сауданың қазіргі заманғы форматтарын дамыту бойынша мемлекеттік қолдау шараларын әзірлеу.

6. ӘМАТ бағасын мемлекеттік реттеуден кезең кезеңімен бас тарту пысықталуда.

Анықтама: мемлекет басшысының ӘМАТ бағасын мемлекеттік реттеуден бас тарту жөніндегі тапсырмасын іске асыру шеңберінде СИМ халықтың әлеуметтік осал топтарын ӘМАТ сатып алуға жәрдемдесу бөлігінде қолдауға бағытталған пилоттық жобаны жүргізуге бастамашылық жасалды.

Қазіргі уақытта 2 пилоттық жобаны іске асыру қарастырылуда:

Бірінші жоба – халықтың кейбір топтарына сандық азық-түлік ваучерлерін ұсыну, BTS-Digital. операторы.

Екінші жоба – атаулы әлеуметтік көмек алушыларға арналған ӘМАТ атаулы жеткізу бағдарламасы.

Пилоттық жобаларды іске асыру халықтың барлық топтарын үздіксіз қолдаудан бас тартуға, тұрақтандыру қорларының қызметін қайта форматтауға, тиімді мемлекеттік көмек көрсетуге, арзандатылған өнімді сатып алу мен қайта сатуды болдырмауға мүмкіндік береді.

Жобалар ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне ҚР Сауда және интеграция министрлігінің 10.11.2023 ж. № 02-21/4895 хатымен қарау үшін жолданды.

Ақпарат ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен 30.11.2023 жылғы шығыс № 01-1-4-08/34844 хатымен ұсынылған, жауапқа сәйкес әлеуметтік-еңбек саласында басымылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган ақпараттық жүйелер интеграцияланған жағдайда атаулы әлеуметтік көмек алушылардың тізімін ұсынуға дайын.

Ағымдағы жылдың қараша айында Сауда және интеграция министрлігінің Бірінші вице-министрі А.Ә. Бижанованың төрағалығымен жоба қатысушыларымен кездесу өтті.

Министрлік «атаулы әлеуметтік көмек алушылар үшін әлеуметтік маңызы бар азық – түлік тауарларын атаулы жеткізу бағдарламасы» пилоттық жобасын іске қосу туралы меморандум жобасын (бұдан әрі - Меморандум жобасы) әзірледі. Құжатта мемлекеттік органдар мен логистикалық компанияның пилотты іске қосу жөніндегі ынтымақтастық шаралары көзделеді, пилоттық жоба аймағы Астана қаласы мен Ақмола облысының жекелеген қалалары болып белгіленді.

29.11.2023 ж. шығыс № 02-21/5264-И құжат жұмыс тәртібімен ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне және Астана қаласы мен Ақмола облысы әкімдіктерінің атына қарау және ұсыныстар енгізу үшін жолданды.

Ағымдағы жылдың 6 желтоқсанында Астана қаласы әкімдігінің алаңында Астана қаласы әкімінің орынбасары Е.С. Готованың төрағалығымен кездесу өтті, оның барысында жоғарыда аталған пилоттық жобаларды іске асыру талқыланды

Нарықты қанықтыру жөніндегі шаралар:

1. Өндірушілерді қолдау үшін сауда желілерін қаржыландырудан «айналым схемасы» қайта форматталды. «Айналым схемасы» тетігі шеңберінде өндірушілерге қарыз беру арқылы ӘМАТ бағасын ұстап тұру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Бүгінгі таңда ҚР Қаржы министрлігі қаржыландыру үшін Үкімет резервінен 3,1 млрд. теңге сомасына қаражат бөлу жөнінде оң қорытынды берді.

Осы тетік шеңберінде ішкі қантты сатып алу үшін қант зауыттарына 14,3 млрд. теңге көлемінде айналым қаражаты бөлінді, оған қоса Тараз қант зауыты мен бұрын шарт жасасамаған өңірлердің қайтарымды қаражаты есебінен 9,1 млрд. теңге көлемінде қосымша қаржыландыру жүргізілуде.

2. Тұрақтандыру қорлары қызметінің форматы өзгертілді (маусымдық бағаның өзгеруіне жол бермеу үшін маусымаралық кезеңдегі нарықтың қанықтылығы).

3. Маусымаралық кезеңде тауарлық интервенциялар өткізілді (1 167 сауда нүктесінде 139,5 мың тонна көлемінде бағаны тұрақтандыру тетіктері шеңберінде қалыптастырылған қорларды нүктелік сату жүзеге асырылды).

4. Маусымаралық кезеңде көкөніс бағасын тұрақтандыру үшін фермерлерді кеш және ерте көкөністерді ішкі нарыққа белгіленген бағамен жеткізуге алдын-ала аванстауды көздейтін форвардтық сатып алу енгізілді.

Бүгінгі таңда келесі маусымаралық кезеңде **153 мың тонна** көлемінде қор қалыптастырылды.

5. ЖАО жәрмеңкелерін өткізу үйлестіріледі (а.ж. басынан бастап **5 000-нан астам** ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өткізілді).

6. Көкөніс қоймаларының тізбесін өзектендіру және түгендеу жүргізіледі (қолданыстағы инфрақұрылымды талдау және тіркелмеген қойма үй-жайлары мен көкөніс қоймаларын анықтау, сондай-ақ ЭҚЖЖ 52105 бойынша қолданыстағыларды есепке қоюды үйлестіру).

7. Тұрақтандыру қорларына салудың қажетті көлемі бойынша индикативтер мен айырмашылықтар және әрбір өңір үшін «айналым схемасы» бойынша келісімшарт әзірленді.

8. Туындаған проблемалар мен тәуекелдерді баға бойынша жою мақсатында өңірлер бойынша жұмыс сапарлары тұрақты негізде жүргізіледі

(жылыжайлар, Әлеуметтік кәсіпкерлік компанияларды күрішпен қамтамасыз ету, пияз бойынша жағдай, ерте көкөністермен қамтамасыз ету мәселелері бойынша).

9. Статистикалық есептілікті жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізілді.

10. Маусымаралық кезеңде елдің ішкі нарығын толтыру үшін жасалатын форвардтық шарттарға тұрақты негізде талдау жүргізіледі.

11. Күріш бағасын тұрақтандыру мақсатында Қызылорда облысында әкімдіктер мен өндірушілердің қатысуымен күріш жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Осы іс-шара аясында өңірдің күріш өндіруші кәсіпорындары мен өңірлердің әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялары, кәсіпкерлер арасында тікелей форвардтық келісімшарттар мен меморандумдар жасалды.

Сондай-ақ Жамбыл облысында пияз сатып алу жәрмеңкесі өткізілді.

Бұл тәжірибе ӘМАТ-тың басқа тауарларына масштабталатын болады.

12. Елдің қауіпсіздігін бақылауға және ішкі нарықты қорғау бойынша шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін тауар балансы әзірленді.

Тауар балансы өндіріс көлемін, халықаралық ағындарды, ӘМАТ қорларын, сондай-ақ оларды өндіруге арналған шикізаттың кейбір түрлерін көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік береді, бұл тарифтік және тарифтік емес реттеу шараларын қабылдау үшін тауарлар тапшылығының туындауына талдау жасауға мүмкіндік береді.

13. 28 қаңтардан бастап үш ай мерзімге пиязға экспортқа тыйым салуды енгізу бойынша ұсыныстар енгізілді, ағымдағы жылғы 7 сәуірден бастап квоталау енгізілді.

Нарықтағы жағдайдың тұрақтануына байланысты пияз экспортына тыйым алынып тасталды.

Ағымдағы жылдың ақпан айының басында күнбағыс тұқымына экспорттық баж салығы енгізілді, бұл ретте май зауыттары ішкі нарықта қайта өңдеу өнімдеріне бағаны тұрақтандыру бойынша міндеттеме алды.

14. Маусымаралық кезеңде көкөністердің импортын ұйымдастыру үшін Өзбекстан және Тәжікстан республикаларында «QazTrade» АҚ бірлескен кәсіпорнын ашу арқылы көкөністер импорты ұйымдастырылды.

15. Бидайдың қымбаттауына байланысты *(егін жинау үшін қолайсыз жағдайларға байланысты)* ұн мен нан бағасының өсуі байқалады. Осыған байланысты, бағаның өсуін нивелирлеу үшін өңірлер мен «Азық-түлік корпорациясы» ҰК АҚ арасында арзандатылған астықты жеткізу бойынша келісімдер мен меморандумдар жасалды.

Қазіргі уақытта шарт жасасқан 17 өңірдің *(Астана қ., Алматы қ., Шымкент қ., Абай, Алматы, Ақмола, ШҚО, БҚО, СҚО, Жамбыл, Жетісу, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Павлодар, Ұлытау, Атырау облыстары)*, 11-і жөнелтуді аяқтаса, 6 өңір жөнелту процесінде.

Ресей Федерациясынан астық әкелінуіне және ұнмен қамтамасыз етілуіне байланысты Ақтөбе облысы меморандумға қол қоюдан бас тартты.

Маңғыстау облысы бұл процесте АШМ-ге өтінім беріп қарастырылуда.

Қосымша, «ҚТЖ» ҰК АҚ «Азық-түлік корпорациясымен», АШМ және өңірлердің ұн тартушы операторларымен бірлесіп ұн тартатын

кәсіпорындарға арзандатылған қазақстандық және импорттық ресейлік астықты жеткізуді жедел қолмен реттеу үшін күн сайын селекторлық кеңестер өткізеді.

16. Жұмыртқа бағасының маусымаралық өсуін тұрақтандыру мақсатында 30 қарашада Министрлік жұмыртқа өндірушілер қауымдастығымен бірлесіп жұмыртқа бағасын тұрақтандыру туралы Меморандумға қол қойды.

2.3. Электрондық және биржалық сауданы дамыту

Электрондық сауда

Электрондық коммерцияны дамыту мақсатында Сауда және интеграция министрлігі шағын және орта бизнес (ШОБ) субъектілерінің цифрлық сауаттылығын арттыру, онлайн сауда арқылы экспортты ілгерілету, сондай-ақ трансшекаралық электрондық коммерцияны дамыту бойынша кешенді жұмыстар жүргізуде.

2022 жылдың қорытындысы бойынша тауарлардың электрондық саудасының көлемі шамамен **2 трлн. теңгені құрады** (1 963 млрд. теңге), ал электрондық сауда үлесі **12,5%** құрады.

Анықтама: Интернет арқылы өткізілетін негізгі тауарлар: тұрмыстық тауарлар, киім және аяқ киім, азық-түлік, косметика, дәрі-дәрмек және т.б.

2022 жылы электрондық коммерцияны дамытудың 2025 жылға дейінгі іс-шаралар жоспары қабылданды.

СЖРА ҰСБ-мен бірге электрондық коммерция статистикасын құру әдістемесі қайта қаралды.

«Электрондық коммерция мектебі» жобасы жүзеге асырылды, оның аясында 2000-нан астам ШОБ субъектісі оқытылды.

Қытайдың ірі Alibaba (2022 жылдың маусымы) және JD.com (осы жылдың мамыры) маркетплейстерінде ұлттық павильондар ашылды.

Анықтама: Alibaba платформасында 7500 тауар ұсынылған, JD.com платформасында 25 түрлі тауар ұсынылған (азық-түлік өнімдері, алкогольді және алкогольсіз сусындар), 500 мыңнан астам адам жазылған.

Халықаралық ынтымақтастық шеңберінде Өзбекстан және Тәжікстан республикаларының тиісті министрліктерімен меморандумдарға қол қойылды.

Ағымдағы жылдың қыркүйек айында Алматыда Бірінші Орталық Азиялық электрондық коммерция форумы өтті.

Clever Food маркетплейсінің басты беттерінде қазақстандық өнімге баннер шығарылды, алдымен қазақстандық өнімді іздеу нәтижелерін шығаруда басымдық берілді.

Министрлік пен бизнес арасында сындарлы диалог құру үшін «Атамекен» ҰКП алаңында тұрақты жұмыс істейтін диалог алаңы іске қосылды.

Ағымдағы жылдың мамыр айында Central Asian Gateway Орталық Азия елдерінің бірыңғай платформасы іске қосылды. Платформа «Есіктен есікке» сауда дәліздері бойынша трансшекаралық формальдылықтарды шолу арқылы жаңа нарықтарға шығуға мүмкіндік береді. Платформаны пайдаланушылар

саны 195 мыңға жетті. Ағымдағы айда Әбу-Даби қаласында өткен Дүниежүзілік инвестициялық форум аясында портал «Үздік сауда ақпараттық порталы» номинациясы бойынша Digital Government Awards жеңімпазы атанды.

Анықтама: *Ready4Trad Орталық Азия жобасы аясында әзірленген, оны ЕО қаржыландырады және Халықаралық сауда орталығы жүзеге асырады.*

Ақтөбе және Ақтау қалаларында фулфилмент/сұрыптау орталықтары мен бонд қоймалары желісін дамыту жалғасуда.

Бонд қоймаларын ашу Қытайдан Еуропаға және кері бағытта тауарларды одан әрі транзиттеу үшін ірі шетелдік маркетплейстердің тауарларын орналастыруға мүмкіндік береді. Бұл шетелдік тауарларды қазақстандық сатып алушыларға жеткізу уақытын 60 күннен 7 күнге дейін қысқартуға мүмкіндік береді.

Электрондық коммерцияны дамыту жоспарлары

Орталық Азия елдері арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатында Электрондық сауданы дамыту туралы келісім әзірленіп, қабылданатын болады.

Электрондық коммерцияны одан әрі дамыту мақсатында:

- «Атамекен» ҰКП-пен бірлесе отырып, **барлық өңірлерде** электрондық коммерцияны оқыту орталықтарын ашу. Батыс өңірдің төрт облысында (*Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан облысы*) оқу орталықтары пилоттық режимде іске қосылды.

Анықтама: *Жобаның мақсаты – ШОБ субъектілеріне сауда тұрғысынан кешенді мемлекеттік қолдау көрсету тетіктерінің біріне айналу.*

- ТМҰ, ТМД, ШЫҰ, ДСҰ шеңберінде электрондық коммерцияны дамыту саласындағы серіктестік бойынша жұмысты жалғастыру;

- отандық экспорттаушыларды Қытай Alibaba (+70 экспорттаушы) және JD.com. (+20% тауарлар) маркетплейстеріне шығаруды жалғастыру жоспарлануда.

Цифрлық жобалар бойынша анықтамалық ақпарат

«Қазақтелеком» АҚ Тауарларды таңбалау мен қадағалаудың бірыңғай операторы платформасында ӘМАТ-тың 9 түрі бойынша Тауарларды қадағалаудың ұлттық жүйесін (*бұдан әрі – ТҚҰЖ*) іске асыру жөніндегі пилоттық жоба іске қосылды.

ТҚҰЖ іске асыру мақсатында ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Сауда және интеграция министрі С.М. Жұманғарин ағымдағы жылдың 25 шілдесінде Тауарларды қадағалаудың ұлттық жүйесін енгізу жөніндегі жол картасын бекітті.

ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Сауда және интеграция министрі С.М. Жұманғариннің ағымдағы жылғы 31 тамыздағы № 331-НҚ бұйрығымен ӘМАТ пилоттық қадағалау жобасын жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдар бекітілді.

ТҚҰЖ барлық қатысушылары үшін жүйеде жұмыс істеу бойынша оқыту жүргізілді. Бүгінгі таңда 300 пайдаланушы, оның ішінде 20 Әлеуметтік кәсіпкерлік компаниялары, Азық-түлік корпорациясы, 183 жеткізуші, 96 бөлшек сатушы тіркелген.

Ағымдағы жылдың соңына дейін пилотты ӘМАТ-тың барлық 19 позициясына кеңейту жоспарлануда.

Сонымен қатар, базарлар мен сауда объектілерін Smart QR жүйесіне қосу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Smart QR е-tutynushy жүйесіне өтініш беру, сондай-ақ QR сканерлеу кезінде сауда базары немесе сатушы туралы ақпаратты көру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Қазіргі уақытта жүйеге 3680-ден астам сауда субъектілері қосылған, олардың 313-і сауда объектілері. Маңғыстау облысының орталық базарында онлайн-шарттар жасасу бойынша функционал сыналды.

Шағымдарды қабылдау және тұтынушылардың құқықтарын қорғау үшін E-Tutynushy платформасы әзірленді. Жүйенің мақсаты тұтынушылардың өтініштерін қабылдау және қарау процесін автоматтандыру, оларды жүйелеу және тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйесінің барлық деңгейлерінде есепке алу болып табылады.

E-Tutynushy «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» ҚР заңнамасының талаптарын ескере отырып, тұтынушылардың өтініштері мен шағымдары келіп түскен сатушылар (*дайындаушылар, орындаушылар*) туралы мәліметтерді қоса алғанда, ақпараттың жалпыға қол жетімділігін қамтамасыз етеді.

Мемлекет басшысының 2022 жылғы 14 шілдедегі тапсырмасын орындау мақсатында Qdata сауда бойынша талдамалық платформа базасында ӘМАТ тауар балансының мониторингі бойынша функционал құрылды.

Qdata сауда бойынша талдамалық платформасы тауарлар тапшылығы мен бағаның алыпсатарлық өсуіне жол бермеу мақсатында сауда саласындағы процестерге ден қоюды жеделдетуге мүмкіндік беретін бағалар мен тауарлар балансының мониторингін қоса алғанда, ішкі сауда саласының жай-күйін зерттеуге арналған.

Экспорттаушы болып табылатын немесе экспорттық қызметті бастағалы отырған отандық компаниялар үшін export.gov.kz платформасы бар.

Сараптама порталының жұмысы үш бағытқа негізделген:

- Ақпараттық бағыт

Осы бағыт шеңберінде жедел және стратегиялық ақпарат беру қағидаттары іске асырылды. Жедел өзекті ақпарат жаңалықтар мен іс-шаралар блоктары арқылы ұсынылады. Бұл ақпарат Қазақстанның мүдделерін қозғайтын экспорт саласындағы негізгі оқиғаларды қамтиды.

- Консультациялық бағыт

Бұл бағыт экспорттаушыларды қолдау шаралары бөлімі шеңберінде іске асырылды. Экспорттаушыларды қолдаудың сервистік және қаржылық шаралары егжей-тегжейлі ұсынылған.

- Интерактивті бағыт

Аталған бағыт шеңберінде кәсіпорындар қазіргі уақыт режимінде үш бағдарлама бойынша – шығындарды өтеу, экспорттық акселерация бағдарламасына қатысу, Alibaba сауда алаңына шығару бойынша өтінім бере алады.

Экспорттаушыларға шығындарды өтеуге өтінім беру процесін автоматтандыру бойынша жұмыс жүргізілді (*Export.gov.kz*) – өтінім нысаны цифрландырылды және экспорттаушы жағында өтінім беру процесі жүйеленді, өтінім параметрлеріне байланысты өтеу сомасын есептеу процесі автоматтандырылды, менеджерлерге өтінімдерді бөлу жүйесі әзірленді және жүктемені басқару процесі автоматтандырылды.

Биржалық сауда

Мемлекет басшысы 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында тауар биржаларының қызметін жеткіліксіз тиімді реттеу «қалталы» деп аталатын тауар биржаларының пайда болуына әкелгенін атап өтті. Мемлекет басшысы нормативтік талаптарды қатайтып, бұл кемшіліктерді толығымен жоюды тапсырды.

Мемлекет басшысының тапсырмасын (*ЖҰЖ 64-тармағы*) іске асыру үшін Сауда және интеграция министрлігі депутаттық корпуспен бірлесіп **биржалық сауданы жетілдіруге бағытталған заң жобасын әзірледі.**

Заң жобасы негізгі үш мәселені шешуге бағытталған шараларды ұсынады. **Біріншісі** – биржаларға реттеу талаптарын қатайтып, мемлекеттік бақылауды күшейту. **Екіншісі** – жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алу рәсімдерін айналып өтуін жою. **Үшіншіден** – отандық өндірушілердің ашық сауда құралдарына қол жеткізуін қамтамасыз ету.

Заң жобасы 7 заңнамалық актіге (*2 кодекс және 5 заң*) 50-ге жуық түзетуді көздейді.

Тұжырымдама бойынша мыналар ұсынылады:

- тауар биржаларын микро және шағын кәсіпкерлік субъектілері санатынан шығару;

- жер қойнауын пайдаланушылардың (*стандартталмаған тауарлар*) сатып алуларын «NADLOC» ТЖҚ тізілімімен синхрондалған мамандандырылған электрондық сауда алаңдарына ауыстыру;

- тауар биржаларының қаржылық тұрақтылығын күшейту (*жарғылық капитал – 600 000 АЕК, кепілдік қоры – 100 000 АЕК*)

- тауар биржасына кіру үшін алымдар мен сауда-саттыққа қатысу үшін төлемдердің бірыңғай максималды мөлшерін белгілеу (*бүгінгі таңда биржалық алымдар 250 мың теңгеден 95 миллион теңгеге дейін*)

- брокерлер мен клиринг орталықтарын қаржы мониторингі субъектілерінің санатына қосу;

- биржалар арқылы мемлекеттік сатып алуды айналып өту мүмкіндігін жою;

- мемлекеттік бақылауды күшейту, сондай-ақ Үкіметке әлеуметтік маңызы бар биржалық тауарлардың саудасын жүзеге асыратын Тауар биржаларының тізбесін айқындау құзыретін беру.

- мәмілелерді жасау үшін автоматтандырылған жеделдетілген қолданбалы технологияларға (*боттар*) тыйым салу;
- үстем нарық субъектілерінің аукциондарына тек дилер мәртебесінде (*өз атынан және өз мүддесінде*) қатысу;
- аукционның қорытындылары шығарылғаннан кейін қатысушылар мен мәмілелер туралы барлық ақпаратты жариялауға қатысты коммерциялық құпияны ашу.

2.4. Қазақстандықтардың құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ететін қолайлы орта құру

ҚР Президентінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 17 Жарлығымен ҚР Сауда және интеграция министрлігіне тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі функциялар мен өкілеттіктер берілді. Осы Жарлықты іске асыру үшін ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 10 шілдедегі № 497 қаулысымен Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті (*бұдан әрі – Комитет*) құрылды.

Комитеттің негізгі міндеті тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында біртұтас және тиімді саясатты қалыптастыру болып табылады.

Комитет құрылған сәттен бастап өтініштер санының жыл сайынғы өсуі (20%-ға) байқалады.

2020 жылы – **21 мың** өтініш, 2021 жылы – **25,2 мың** өтініш, 2022 жылы – **30,2 мың** өтініш. Алдын ала деректер бойынша ағымдағы жылы өтініштер саны өткен жылдың жылдық көрсеткішінен асып, **43 мыңға** жуық өтінішті құрады.

Ағымдағы жылдың қорытындысы бойынша өткізілген іс-шаралардың нәтижелері бойынша тұтынушыларға **957,4 млн.теңге** сомаға қаражат қайтарылды. Өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда **121,8%-ға** ұлғаю байқалады (*2022 жылы тұтынушыларға 786 млн. теңге қайтарылды.*).

Комитет әлеуметтік сауалнама жүргізу арқылы тұтынушылардың көңіл-күйін және қоғамдық пікірді зерттеуді үнемі қадағалап отырады.

2022 – 2023 ж.ж. сауалнамаға 10 мың респондент қатысты.

Социологиялық зерттеуді жүргізудің мақсаты нормативтік-құқықтық қамтамасыз етуді, мемлекеттік саясаттың тиімділік деңгейін, тұтынушылардың құқықтарын қамтамасыз ету және іске асыру бөлігінде мемлекеттік және қоғамдық институттарға деген сенімді жетілдіру жөніндегі нақты міндеттерді айқындау, оның ішінде тұтынушыларға қатысты неғұрлым проблемалық салаларды және тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы халықтың қанағаттану деңгейін анықтау болып табылады.

Сауалнама нәтижелері салалардағы азаматтардың наразылығын көрсетті:

- медициналық қызметтер – 39,3%;
- интернет-провайдерлердің қызметтер – 33,3%;
- қоғамдық көлік қызметтер – 30,7%

Заңнамалық бастамалар

2020 жылғы 25 маусымда Мемлекет басшысы тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша ҚР заңнамалық актілеріне түзетулердің бірінші пакетіне қол қойды.

2020 жылғы 10 желтоқсанда ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары ТҚҚ тұтас жүйесін құру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітті.

Жоспарда көрсетілген мәселелерді пысықтау шеңберінде тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың нормативтік базасын жетілдіру мәселелері бойынша заң жобалау жұмысы жалғастырылды.

2022 жылғы 13 сәуірде Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның 581-ші отырысының қорытындысы бойынша «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚР Заңының жобасына тұжырымдама мақұлданды.

ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 29 маусымдағы қаулыларымен заң жобалары ҚР Парламентінің Мәжілісіне енгізілді.

